

Сапақкөл орта мектебінің 2023-2024 оқу жылында

6-сыныппен жүргізілген тәрбие жұмысының талдауы

2023-2024 оқу жылы 6-сыныпта 13 оқушымен басталды. 5 ер бала және 8 қыз бала бар. 2-тоқсанда жаңа оқушы қосылып (1-ер бала) 14 оқушымен толықты. Жылдық қорытынды сапалық көрсеткіші 6-сыныпта құрайды.

Үздік оқушылар – жоқ

Екпінділер: Алшынбекұлы Жүсіпбек, Хәкімұлы Қайсар, Өтеген Таңшолпан, Дарханқызы Балауса

Оқушылардың әлеуметтік жағдайына байланысты қосымша ақпарат:

Жартылай жетім: Шерниязқызы Іңкәрсезім

Ажырасқан отбасы: Дарханқызы Балауса.

Көп балалы: Алшынбекұлы Ж, Дарханқызы Б, Қонақбай А., Өтеген Т., Кеңес К., Оңдасын Ж. Русланұлы Е.

Аз қамтылған: Дарханқызы Б, Жұмабайқызы Ж.

Сыныптың жылдық білім сапасы: 29%

Оқушылардың жыл бойғы сабаққа қатысу көрсеткіші: 100%

Қыркүйек	Қазан	Қараша	Желтоқсан	Қаңтар	Ақпан	Наурыз	Сәуір	Мамыр
100%	100%	100%	100%	100%	100%	100%	100%	100%

Оқу жылы басында оқушылардың сабаққа материалдық тұрғыда дайындығы бақыланды. Алдын-ала ата-аналармен байланыс жасалынды.

2022-2023 оқу жылының тәрбие жұмысының жоспары 8 бағыт бойынша жасалып, жоспарға сай барлық іс-шаралар өткізілді. Сынып белсенділері өздеріне тапсырылған қызметтерін тиянақты орындады. Оқушылар мектептегі қоғамдық жұмыстарға белсене араласты. Аудандық және мектепшілік байқауларға қатысып, жеңімпаз атанған оқушылар да болды.

Оқушылардың тәрбие бағытындағы қойылған көп шаралар өтті.

Сынып сағаттарына тәрбие бағыттары қамтылды.

Бағыттар	Өтілген сынып сағаттары саны:
Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие	4
Рухани – адамгершілік тәрбие	5
Ұлттық тәрбие	5
Отбасы тәрбиесі	3
Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие	3
Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі	3
Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие	6
Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты	4

Тәрбие сағаттары жоспар бойынша ұйымдастырылып. Әр түрлі жаңа форматта өткізілді. Мереке күндеріне мереке шаралары өткізіліп, оқушылар іс-шараларға белсене қатысты. «Тазалық – денсаулық белгісі», «Табиғат аясы- адамның алтын белгісі» атты ашық тәрбие сағаттары өткізілді.

Сонымен қатар мереке күндері сыныптан тыс жұмыстар, тәрбие сағаттары өткізілді.

Тәрбие сағаты: Білім күні. «Менің туған өлкем» тақырыбында өткізілді. Мақсаты: Туған өлкеге деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу, өз ауылдары туралы білімдерін жүйелеу және ойлау.



Тәрбие сағаты: «Жануарларға адамгершілікпен қараймыз»

Мақсаты: Оқушыларды жануарларға қамқорлық көрсетіп, қатігездік танытпауға тәрбиелеу.



Тілдер мерекесіне орай «*Тіл-тәрбие құралы, мәңгілік елдің ұраны*» аты іс-шара өткізілген болатын. Іс-шара барысында оқушылар мәнерлеп өлеңдер оқып, сұрақтарға жауап берді.



Тәрбие сағаты: «Қызылшаның таралу жолдары»

Мақсаты: Оқушыларды вирустық ауру түрлерімен таныстыру, алдын алу және емдік шараларымен ақпараттандыру.



Тәрбие сағаты: «Ұшқыр ой мен шешен тіл» интеллектуалды сайысы сынып арасында өткізіліп, «Ақиқат» тобы жеңіске жетті.



Қосымша сабақтан тыс уақыттарда оқушылармен бірге кітап оқуға көңіл бөлеміз. Оқушылар арасында әдеби шығармалар оқудан қызығушылықтары



басым.

«Отбасы-тәрбиенің басты ұясы» атты ата-аналар жиналысы жоспарға сай өткізіліп отырды. жиналыстың жоспары бойынша алдымен тақырып бойынша баяндама оқылып, психолог А.Набрешовамен психологиялық тренинг ұйымдастырылды. Оқушылардың тәртібі мен білімі талқыланды. Ата-аналармен кері байланыс орнатылды.





16-желтоқсан Тәуелсіздік күніне орай *«Тәуелсіздік-тұғырым»* атты тәрбие сағаты өткізілді.

Мақсаты:Еліміздің тәуелсіздік алу жолындағы ата-бабаларымыздың ерлегін паш ету, оқушыларға желтоқсан құрбандарымен, желтоқсан оқиғасына қатысқан бабаларымыздың ерлігін үлгі етіп көрсету.



Жаңа жыл мерекесіде мерекелік көңіл күймен, өнерлерін паш ете отырып мектеп ішінде ұйымдастырылды.



«Бала дарын» балалар мен жасөспірімдер шығармашылығын дамыту орталығының ұйымдастыруымен М.Жұмабаевтың «Мен жастарға сенемін» республикалық байқауына қатысып жеңімпаз атанған 6-сынып оқшылары Хәкімұлы Қайсар, Алшынбекұлы Жүсіпбек және Русланұлы Ернар марапатталды.



6-сынып екпінділері Ойыл ауданы ұйымдастырған пәндік олимпиадаға қатысып алғыс хаттар мен жүлделі орындарға ие болды.



Сыныптан тыс шара: Ақпан айында «*Аспанда әуелеген ақсұңқарым*» М.Мақатаевтың туған күніне орай ұйымдастырылған мектепішілік әдеби монтажға мәнерлеп оқудан көзге түсіп оқушылар марапатталды.



Тәрбие сағаты: Жолда жүру ережесі

Мақсаты: Көшеде жүру ережелері бойынша қалыптасқан оқушы түйсіктерін, білімдерін пысықтап, оның өмірдегі маңызын түсіндіру. Оқушылардың қызығушылықтарын тудырып, ой-өрісін, белсенділігін дамыту. Сынып оқушыларын жолдастыққа, сақтыққа тәрбиелеу.

Тәрбие сағаты: «Ана-өмірдің гүлі» 8-наурыз Халықаралық әйелдер, аналар, қыздар мерекесіне орай ер балалардың құттықтауымен басталып, тәрбие сағаты өткізіді.



Тәрбие сағаты: 22-наурыз Ұлыстың ұлы күніне орай «Қош келдің әз-Наурыз» мерекелік шарасы болды. Ата-аналармен бірауыздан ақылдаса отырып, ұлттық киімімізді дәріптеу мақсатында қазақы киім әзірледік. Мерекеде оқушылар ән-күй, биші қыздарымыз әдемі қазақша билерін паш етіп, ер балалармен ұлттық ойындар ойнатылды.



Тәрбие сағаты: «Байқоңыр-ғарыш айлағы» 12-сәуір Ғарышкерлер күніне байланысты сынып оқушыларымен тәрбие сағаты өткізілді.

Мақсаты: Оқушыларды тарихымызда есімі сақталған ұшқыштар мен ғарыш әлемімен толығырақ таныстыру.



Тәрбие сағаты: 25-мамыр соңғы қоңырауға орай сыныбымызда «Білімім Отаныма» сағаты оқушыларымен қызықты әрі есте қаларлықтай жақсы деңгейде өткізіліп оқу жылы қорытындыланды.



Сонымен қатар оқу жылы қорытындысы бойынша ата-аналармен байланыс орнатылып, қорытынды ата-аналар жиналысы ұйымдастылды. Күн тәртібінде оқушылардың қорытынды бағалары жекелей ата-аналарына ұсынылып, көңіл күйлерін көтеру мақсатында психологиялық тренингтер өткізілді.



